



БЕКІТЕМІН
Жамбыл дарыны АҒПО
директоры *М.Есеналиева*
«3» сәуір 2026 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтама

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы:

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми практикалық орталығы КММ (бұдан әрі-Орталық) қызметі Орталықтың Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы Жамбыл облысы әкімінің 30 шілде 2021 жылғы №177 Қаулысына сәйкес құрылды

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасау;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жұмыс тобы:

2026 жылғы 3 сәуірдегі №69 бұйрығына сәйкес құрылды.

Топ жетекшісі:

М.А Есеналиева – директор.

Топ мүшелері:

А.Т Естемесова – директордың орынбасары

А.С Джулдибаева – директордың орынбасары

Г.Тойшыбаева- бас бухгалтер

Н.Сагиндикова- бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы

А.Тажобекова- бөлім басшысы

М.Н Самеков-бөлім басшысы

Қ.Нурбаева-бөлім басшысы

Н.Муратова-бөлім басшысы

А.Айтбаев-бөлім басшысы

Н.Рахметілдаева- іс жүргізуші

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең:
2025 жыл.



Сканировано с CamScanner

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:
2026 ғы 3 сәуір мен 30 сәуір аралығы.

1) Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;

Мекемеде персоналды басқару Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына және ішкі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Персоналды іріктеу, қабылдау, ауыстыру және босату рәсімдері белгіленген тәртіппен жүргізіліп, қызметкерлердің біліктілігі мен лауазымдық талаптарға сәйкестігі ескеріледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар ұйым қызметінің ерекшелігіне қарай талданып, олар бойынша қосымша бақылау және алдын алу шаралары қарастырылады.

I. Орталықтың Құрылымы

Мекемеде бекітілген штат кестесіне сәйкес 2025-2026 жылдарға 33 бірлік қарастырылған.

01.01.2025 жылғы жағдай бойынша 29 орын бар (2025 жылғы қаңтарында 4 бос орын), бұл штат санының 87,8% құрайды.

01.09.2025 жылғы жағдай бойынша 28 орын бар (2025 жылғы қыркүйекте 5 бос орын), бұл штат санының 84,8% құрайды.

Қазіргі таңда төрт қызметкердің декреттік демалыста болуына және бес қызметкердің жұмыстан шығуына байланысты (негізгі себептері – өз өтініштері) 9 бос жұмыс орны қалыптасты. Аталған бос орындарға вакансия жарияланды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №96 бірлескен бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын және педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларының» 3-тарауының 89-тармағына сәйкес педагогтерді орта білім беру ұйымдарына лауазымдарға тағайындау конкурсы «Педагогті жұмысқа қабылдау» модулінде (бұдан әрі – Модуль) (<https://hr-nobd.edu.kz/>) жүзеге асырылады.

Аталған қағидалардың 3-тарауының 91-тармағына сәйкес, модуль жүйесінде техникалық ақау болған жағдайда білім беру саласындағы уәкілетті органның хаты негізінде педагогтерді лауазымдарға тағайындау конкурсын қағаз форматта өткізуге жол беріледі.

Орталықта аталған модуль жүйесіне кіріп құжат қабылдау батырмасы әлі күнге дейін іске қосылмағандықтан құжат қағаз түрінде қабылданады.

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, төмендегі бос лауазымдарға конкурс өткізу туралы хабарландырулар жарияланды:

- * 2025 жылғы 5 қыркүйекте – 1,0 штат бірлігі, әдіскер (тұрақты);
- * 2025 жылғы 15 қыркүйекте – 1,0 штат бірлігі, әдіскер (тұрақты);
- * 2025 жылғы 26 қыркүйекте – 1,0 штат бірлігі, әдіскер (тұрақты);
- * 2025 жылғы 9 қазанда – 1,0 штат бірлігі, әдіскер (тұрақты);
- * 2025 жылғы 14 қарашада – 1,0 штат бірлігі, әдіскер (тұрақты);
- * 2025 жылғы 1 желтоқсанда – 2,0 штат бірлігі, әдіскер (тұрақты);
- * 2025 жылғы 15 желтоқсанда – 1,0 штат бірлігі, әдіскер (тұрақты);



Сканировано с CamScanner

- * 2025 жылғы 29 желтоқсанда – 2,0 штат бірлігі, әдіскер (тұрақты);
- * 2026 жылғы 15 қаңтарда – 1,0 штат бірлігі, әдіскер (тұрақты);

Конкурс өткізу туралы хабарландырулар «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының интернет-ресурсында, Facebook әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында және Enbek.kz электрондық еңбек биржасында жарияланады.

Аталған бос жұмыс орындары бойынша конкурс (вакансия) жарияланғанына қарамастан, бүгінгі күнге дейін үміткерлер тарапынан өтінімдер түспеген.

Үміткерлердің болмауының негізгі себептерінің бірі – ұсынылып отырған лауазымдық жалақы мөлшерінің еңбек нарығындағы орташа деңгеймен салыстырғанда төмендігі. Сонымен қатар, мекеме мәртебесіне сәйкес қойылатын біліктілік талаптары мен үміткерлердің кәсіби санаттарының (білімі, жұмыс тәжірибесі, біліктілік деңгейі) сәйкес келмеуі де ықпал етуде.

Осыған байланысты, кадрлық құрамды толықтыру процесі қиындықтарға тап болып, бос лауазымдарға білікті мамандарды тарту деңгейі төмен болып отыр.

Осыған байланысты мекеменің жұмыс процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында бос лауазымдардың міндеттері уақытша қолданыстағы қызметкерлер арасында бөлінді. Нәтижесінде қызметкерлерге қосымша жүктеме артты.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

Конкурстық комиссия мүшелері мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы мәлімдеме береді. Үміткерлермен туыстық немесе өзге де жеке мүдделер анықталған жағдайда, тиісті тұлғалар конкурс жұмысына қатыстырылмайды.

Атап айтқанда, конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарау барысында ашықтық, әділдік және объективтілік қағидаттары қатаң сақталады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында барлық рәсімдер қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес жүргізіледі. Барлық рәсімдер ашықтық, әділдік және объективтілік қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету;

Мемлекеттік қызметті алуға құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші осы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №96 бірлескен бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын және педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларының» 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат немесе осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Конкурстық қабылдау кезінде мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша шағым түскен жоқ.

2. «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің



2025 жылғы 25 ақпандағы 2025 жылғы 25 ақпандағы № 32 бұйрығына сәйкес, орталық әдіскерлерінің біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаларға сәйкес біліктілік санаттары беріледі (расталады).

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Конкурс жариялау, құжаттарды қабылдау және шешім қабылдау рәсімдері белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Шешімдер конкурстық комиссия қорытындысы негізінде қабылданады. Процестердің ашықтығы мен заңдылығы қамтамасыз етіледі.

5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Бақылау және тексеру функциялары заңнамаға және ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Құжаттардың дұрыстығы және шешімдердің негізділігі, конкурс өткізу тәртібі, тұрақты бақылауда болады. Анықталған кемшіліктер бойынша тиісті шаралар қабылданады.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

Бюджет қаражаттарын жоспарлау, игеру және бөлу қолданыстағы бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Қаражаттар мақсатты, тиімді және бекітілген сметаға сәйкес жұмсалады. Қаржылық тәртіп сақталады.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасау;

Шарттар жасау қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Шарттарда тараптардың құқықтары мен міндеттері нақты көрсетіледі. Міндеттемелердің орындалуына бақылау жүргізіледі.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

Мекемеде ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану процестері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және цифрландыру талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ақпараттық жүйелер қызметтік процестерді автоматтандыру, деректердің дұрыстығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында қолданылады.

Мекемеде азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай «E-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, мекеме қызметінде келесі ақпараттық жүйелер тұрақты және жүйелі түрде пайдаланылады:

– Eпbek.kz электрондық еңбек биржасы (бұдан әрі – ЭЕБ) – жұмыс іздеу және қызметкерлерді іріктеуге жәрдемдесетін бірыңғай цифрлық алаң;

– Ұлттық білім беру деректер қоры (НОБД) – білім беру саласы бойынша деректер базасы;

– «Ұстаз» платформасы – педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына арналған цифрлық алаң;

– egov.kz – мемлекеттік қызметтер мен онлайн ақпаратқа қол жеткізу порталы.

Аталған ақпараттық жүйелерді пайдалану қызметтік процестерді оңтайландыруға, ашықтықты қамтамасыз етуге және жұмыс тиімділігін

арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, ақпараттық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуі, ақпараттық қауіпсіздіктің сақталуы және техникалық қолдау көрсету шаралары қамтамасыз етіледі.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

«Е-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы азаматтан қайырымдылық көмек көрсету туралы өтініш келіп түсті. Аталған өтініштің мазмұны зерделеніп, мекеменің қызмет бағыттары мен қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес қарастырылды.

Нәтижесінде, мекеменің негізгі қызметі білім беру саласына бағытталғаны және қаржыландыру бекітілген бюджеттік бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылады сондықтан мекеме тарапынан қайырымдылық көмек көрсету қарастырылмаған және бұл мәселе мекеменің құзыретіне кірмейді.

9.Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі шеңберінде туындайтын өзге де мәселелер қолданыстағы заңнамалар мен ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес қарастырылады және шешіледі.

Сонымен қатар, қызмет барысында туындайтын мәселелерді жедел шешу мақсатында тиісті талдау жүргізіліп, нақты ұсыныстар әзірленеді.

Бөлімдер бойынша ақпарат.

1.«Зияткерлік іс-шаралар мен олимпиадаларды ұйымдастыру» бөлімі:

Бөлім бойынша 4 қызметкер соның ішінде 1 бос жұмыс орны (декреттік демалыста) бар. Бүгінгі таңда бөлімде 4 қызметкерден 3 қызметкер жұмыс жасайды, бөлім басшысы және 2 әдіскер.

«Зияткерлік іс-шаралар мен олимпиадаларды ұйымдастыру» бөлімінің мақсаты - облысымыздың дарынды балалардың әлеуетті мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін анықтау, дамыту және іске асыру және оларға қолдау көрсету.

5. «Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 11 желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген республикалық олимпиадалар негізінде 2024-2025 оқу жылында бірқатар іс-шаралар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» РҒП орталығы бекітілген олимпиада ережелеріне сай жүзеге асырылды.

Республикалық олимпиаданың аудандық (қалалық) кезеңіндегі ашықтықты қамтамасыз ету

Олимпиаданың аудандық(қалалық) кезеңі ең ауқымды және жергілікті деңгейде мүдделер қақтығысы жиі кездесетін кезең. Осыған байланысты келесі шаралар іске асырылды:

- Жергілікті жерлерде Олимпиаданы өткізудің ашықтығы мен академиялық адалдығын бақылау үшін жергілікті «Дарын» өңірлік орталығының өкілі, мүдделі емес «үшінші тұлға» (ата-аналар комитетінің өкілдері, журналистер, ғалымдар немесе ЖОО оқытушылары) қатысады;
- Олимпиада өтетін аудиторияларда YouTube каналы арқылы тікелей эфир жүргізіліп, трансляция сілтемелері ресми сайттар мен әлеуметтік желілерде жарияланды. Бұл шара ата-аналарға баласының білім деңгейін нақты уақытта бақылауға және бөгде көмектің болмауын қадағалауға мүмкіндік берді.
- Тур аяқталғаннан кейін жауапты тұлға (IT-маман) көпфункционалды құрылғыға жауап парақтарын сканерлейді. Файл атауын дұрыс толтыра отырып, IT-маман жұмыстың сканерленген нұсқасын әрі қарай шифрлауға, сайтқа жариялауға және қазылар алқасына тексеру үшін «Дарын» өңірлік орталығының жалпы Google дискісіне жүктейді. Жұмыстарды сканерлеу және шифрлау процесі қатысушы өз жұмысын тапсырған және онлайн режимінде көру үшін бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген аудиторияда өтеді. Бұл процесс қазылар алқасының (жергілікті мұғалімдердің) өз оқушыларын танып, баллды негізсіз көтеру тәуекелін азайтады.

Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жасалатын іс-шаралар

Олимпиаданың облыстық кезеңі «Жамбыл дарыны» орталығының тікелей жауапкершілігінде болғандықтан, мұнда бақылау мен цифрландыру деңгейі барынша күшейтілген:

- Әрбір аудиторияда кемінде екі бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Бірінші камера — жалпы көріністі (аудиториядағы тәртіпті) қамтыса, екінші камера — қатысушылар мен кезекшілердің іс-әрекетін егжей-тегжейлі бақылайды. Бұл бейнежазбалар кез келген даулы мәселеде басты айғақ ретінде пайдаланылады.
- Тур аяқталған бойда IT-маман қатысушылардың көзінше жауап парақтарын сканерлейді. Бұл процесс бейнебақылау камерасының астында өтеді. Сканерленген файлдар бірден орталықтың Google Дискіне жүктеледі. Файл атаулары дұрыс толтырылып, шифрланған нұсқалары бір мезетте орталық сайтына жарияланады. Бұл — жұмысқа кейіннен өзгерту енгізу мүмкіндігін толықтай жояды.
- Облыстық қазылар алқасы тексеруге тек қана сканерленген және шифрланған (орындаушының аты-жөні жасырылған) жұмыстарды қабылдайды. Бағалау тек бекітілген және алдын ала жарияланған критерийлер мен әдістемелерге сәйкес жүргізіледі;
- Хаттамаға қатысушылардың шифрланған жеке нәтижелерін ұпайлардың кемуіне қарай орналастырылып, қатысушылардың рейтингтік тізімі енгізіледі.



Олимпиадалардың нәтижелері бар хаттамалар «Жамбыл дарыны» АҒП орталығының сайтында жарияланады;

- Тур өткізілгеннен кейін тапсырмаларды талдау, үйлестіру және әр пән бойынша апелляция жүргізіледі. YouTube трансляциясы мен бейнежазба архиві кеңінен қолданылады. Қатысушы өзінің жазған нұсқасын экраннан көре отырып, қазылар алқасының бағасымен келіспейтін тұстарын дәлелдейді. Бұл жерде комиссия мүшесінің баллды «жайдан-жай» немесе «келісім бойынша» көтеруіне жол берілмейді, өйткені әрбір өзгеріс бейнежазбада бекітіліп қалады.

Олимпиаданы өткізу барысын бақылау мен ұйымдастыру кезінде туындаған кемшіліктер:

- Аудандық (қалалық) кезеңдерде олимпиада аяқталғаннан кейін нәтижелердің (хаттамалардың) ресми сайтта жариялануындағы кешіктірулер;
- Сертификаттар мен дипломдарды есепке алу жүйесі-берілген дипломдар мен мақтау қағаздарының бірыңғай электрондық QR-кодпен қорғалмауы;
- Қазылар алқасы мүшелері мен қатысушылардың жетекшілері арасындағы бейресми байланыстар.

Ұсыныс:

- Олимпиада процестерін толық цифрландыру. Қатысушыларды тіркеу, тапсырмаларды алу, жауаптарды жүктеу және баллдарды автоматты түрде есептеу процестерін бір жүйеге біріктіру. Бұл адам жұмысын 80%-ға дейін азайтады;
- Қазылар алқасының құрамын автоматты түрде рандомды (*автоматты түрде ретсіз*) іріктеу жүйесін енгізу. Бұл алдын ала сөз байласу қаупін болдырмайды;
- Әрбір дипломға бірегей сериялық нөмір мен QR-код енгізіп, барлық марапаттау құжаттарын QR-кодтау жүйесіне көшіру.
- Автоматтандырылған шифрлау- жұмыстарды қолмен емес, сканерлеу кезінде жүйе тарапынан автоматты түрде ретсіз QR-кодтау әдісіне көшу;

2. «Дарынды оқушылардың жобалық және зерттеушілік қабілетін дамыту» бөлімі :

Бөлім бойынша 4 қызметкер соның ішінде 1 (25%) бос жұмыс орны бар. Бүгінгі таңда бөлімде 4 қызметкерден 3 қызметкер жұмыс істейді, бұл бөлім меңгерушісі және 2 әдіскер.

Дарынды оқушылардың жобалық және зерттеушілік қабілетін дамыту» бөлімінің мақсаты - оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру, ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 11 желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) тізбесі» негізінде Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығымен бірлесе, 2025 оқу жылында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды.

2. «Мүдделер қақтығысын реттеу»

Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

4. «Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

Рұқсат беру функцияларын іске асыру бағыты бойынша 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңына сәйкес әрекеттерді жүзеге асыруына рұқсат беруге құқылы емес.

5. «Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру»

➤ Облыстық ғылыми жобалар конкурстарында адалдық қағидаттарын сақтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу мақсатында іс-шараға адалдық алаңының мамандары, ата-аналар алқасының төрағасы, сондай-ақ бейтарап ата-аналар өкілдері қатысуға шақырылады. *(хат, іс-шара жоспары, фото-видео)*

➤ Облыстық конкурстарда ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету үшін іс-шара барысы тікелей бейнебақылау арқылы қадағаланып, YouTube платформасында онлайн трансляция ұйымдастырылады. *(YouTube сілтемелері)*

Облыстық конкурстарды ұйымдастыру барысында сыбайлас жемқорлықтың және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында, сондай-ақ конкурс ережелерінің талаптарына сәйкес, конкурс өткізілетін аудиторияларда қатысушыларды бақылау және қадағалау үшін жауапты мамандардың кезекшілігі (бақылауы) ұйымдастырылады. Конкурс барысында құқық бұзушылық фактісі тіркелген немесе ұялы байланыс құралын және тыйым салынған құралдарды пайдаланған қатысушы ереже талабы бойынша конкурстан шеттіледі.

➤ Сонымен қатар, конкурс барысында оқушылардың ғылыми жобаларын әділ, ашық және объективті бағалауды қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу мақсатында жобаларды қорғау, тындау, талдау және іріктеу үдерістеріне жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми қызметкерлері мен PhD докторлары қазылар алқасының тәуелсіз мүшелері ретінде қатысуға шақырылады. *(бұйрық, хат, іс-шара жоспары, YouTube сілтемелері)*

➤ Облыстық конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі адалдық пен ашықтық қағидаттарын қамтамасыз ету үшін конкурс аяқталғаннан кейін бірден өткізіледі. Аталған рәсімге конкурсқа қатысушылар мен олардың жетекшілері шақырылады. *(фото-видео)*

➤ Марапаттау барысында әділ қазылар алқасы әр жобаға белгіленген ережелер мен критерийлерге сәйкес жан-жақты талдау жасап, нақты түсіндірме береді. Әр жоба бойынша қабылданған шешімдер тиісті құжаттарға (хаттамаға) негізделіп, бағалау нәтижелері ашық түрде жарияланады. *(хаттама, марапаттау бұйрығы, жеңімпаздар тізімі)*

➤ Конкурстың нәтижесі бойынша үздік ғылыми жобаларды

конкурстың республикалық, халықаралық ғылыми жобалар конкурстарына жолдау, қатысушыларға әдістемелік бағыт-бағдар, кеңес беру жұмыстары ашықтық пен әділдік қағидаттары негізінде жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары мен PhD докторларының қатысуымен жүзеге асырылады. (хат, республикалық, халықаралық конкурстың жеңімпаздарының тізімі)

8. «Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану»

«Дарынды оқушылардың жобалық және зерттеушілік қабілетін дамыту» бөлімі ақпараттық жүйелерді әзірлеу бағыты бойынша ақпараттық жариялау жұмыстарын жүзеге асырады.

Ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша бөлім Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы №354 бұйрығына сәйкес "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінің есепке алудың бірыңғай базасы" яғни, *nobd.edu.kz* – ақпараттық жүйесіне бөлім әдіскерлерінің тіркелуі жүргізіледі;

Бөлімнің жылдық іс-шаралар жоспарына сәкес, облыстық, республикалық, халықаралық конкурстардың жеңімпаздарының тізімінің (*электрондық мәліметтер базасы*) жинақталады;

Облыстық конкурстарды өткізу барысында сыбайлас жемқорлықтың және құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында конкурс өтетін аудиторияларды бейнебақылау камераларымен жабдықтау және *YouTube* платформасы арқылы тікелей трансляцияны ұйымдастыру қамтамасыз етіледі.

«Дарынды оқушылардың жобалық және зерттеушілік қабілетін дамыту» бөлімі жылдық іс-шаралар жоспарына сәкес, облыстық барлық өткізілетін конкурстар туралы (анонстарды) ақпараттарды және конкурс қорытындылары туралы мәліметтерді дайындап, *Facebook* және *Instagram* әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында тұрақты түрде жарияланып отырады.

<https://zhambyl-daryny.kz/>

<https://www.facebook.com/share/1GybjMQdxU/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.instagram.com/zhambyldaryny?igsh=MXNtMG4wODBqN2hsBA>

[%3D%3D &utm_source=qr](https://www.instagram.com/zhambyldaryny?igsh=MXNtMG4wODBqN2hsBA%3D%3D&utm_source=qr)

Ұстаз – педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының платформасын пайдаланады;

egov.kz – Мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат порталын тұрақты әрі жүйелі түрде пайдаланады.

9. «Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңінің 2-ші турында тестілеу кезеңін алып тастау ұсынылады. Себебі, 1-ші турдан өткен, ғылыми жаңалығы мен зерттеу құндылығы жоғары көптеген жобалар тестілеу талаптарынан өте алмай қалып жатады. Бұл өз кезегінде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасына емес, тек тест нәтижесіне басымдық беруге әкеледі. Сондықтан ғылыми жобалардың мазмұны, жаңашылдығы және практикалық маңыздылығы басты назарда болуы тиіс деп есептейміз.

1. «Дарынды балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және қолдау» бөлімі

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 11 желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген 3 тараудың 3 параграфында көрсетілген шығармашылық байқаулар негізінде әрбір оқу жылында орталықтың бекітілген жылдық іс-шаралар жоспары бойынша облыстық, республикалық байқаулар өтеді.

Штат бойынша бөлімде 4 қызметкер, оның ішінде 1 жетекші және 3 әдіскер толық құрамда жұмыс жасайды.

Бөлімнің негізгі функциясы облыстық және республикалық ғылыми-шығармашылық байқаулардың облыстық кезеңдерін өткізу және аудандық, қалалық білім бөлімдеріне, облыстық білім басқармасына қарасты білім мекемелеріне ережеге сәйкес ұйымдастыруы бойынша ақпарат тарату, қолдау, дарынды, шығармашыл оқушыларды анықтау болып табылады.

5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бойынша бөлім орталықтың жұмыс жоспарына сай оқу жылында 20-дан аса байқаулар ұйымдастырып, өткізеді. Өтетін әрбір байқауға орталық әкімшілігі тарапынан жұмыс жоспары бекітіледі, сондай-ақ сол жоспардың жүзеге асуын қадағалауда ұстайды.

Академиялық адалдықты сақтау мақсатында байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті облыстық білім басқармасының бұйрығы негізінде құрылады. Байқаудың әр номинациясына тақ саннан құралған әділ-қазылар алқасы құрамы бекітіледі, қазылар алқасының шешімі бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады.

Қазылар алқасының құрамына жоғарғы оқу орнының ғалымдары, білім беру ұйымдарының білікті мұғалімдері, жазушы, журналистер кіреді. Қазылар алқасы қатысушылардың білімі мен өнерін бағалайды, ұйымдастыру және өткізу барысындағы мәселелерді талқылайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бойынша әрбір өтетін шығармашылық конкурстардың бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес «Ақпараттық технологиялар және зияткерлік іс-шараларды цифрландыру» бөлімінің мамандары байқаудың ашықтығы мен адалдығын қамтамасыз ету мақсатында YouTube желісі арқылы тікелей трансляция жүргізеді. Оның сілтемесі жетекшілер мен оқушыны дайындаған пән мұғалімдеріне таратылады. Қандай да бір келеңсіздіктер туындаған жағдайда сол жазбаны қайта көру арқылы шешім қабылданады. Бұл ісшараның әділ де айқын болуына тікелей әсер етеді.

9) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша әрбір ісшараға талдау жүргізіледі және жеңімпаз оқушылар бойынша анализ жасалынады. Байқаудың республикалық қорытынды кезеңіне баратын оқушылар мен жетекшілеріне қазылар алқасынан кеңес берілуін және пысықтауын назарда ұстайды. Ал орынға ілінбеген қатысушылар үшін психологиялық тұрғыдан қолдау білдіреді.

Қорытынды. Әр жыл сайын конкурстардың артуына байланысты сондай-ақ конкурс өтетін ғимараттың жоқтығынан *(Тараз қаласының білім беру мекемелерінен қызметтік хат жазу арқылы база сұрау мәселесі)* кадрлардың ауысуы және ұзақ уақыт жұмыс істеп қалмауына жалақының аздығы да әсер етеді.



Ұсыныстар:

1. Бөлімнің іс-шараларының артуына байланысты штат санына, кадрлардың ауысуына қайта талдау жүргізу;
2. Байқаудағы адалдық пен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында шақырылған қазылар алқасы мүшелеріне қолданыстағы заңнамаға сәйкес сағаттық көрсеткішпен гонорар қарастыру;
3. Орталық қызметкерлерінің жоғары нәтижелері мен жауапкершілігін ескере отырып, мотивациялық премия тағайындау.

4 . «Ақпараттық технологиялар және зияткерлік іс –шараларды цифрландыру» бөлімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 11 желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығымен бірлесе, әрбір оқу жылында орталықтың бекітілген жылдық іс-шаралар жоспары бойынша жүзеге асырылды.

Бөлімінің мақсаты - Дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау барысында отандық және шетелдік озат тәжірибелерді насихаттау, Халықаралық, республикалық интеллектуалдық ойындарды және роботехникалық байқауларды өткізу, мәліметін жинақтау, дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау барысында база қалыптастыру.

Штат бойынша бөлімде 4 қызметкер, оның ішінде 1 жетекші, 1 әдіскер және 2 жүйелік әкімшітолық құрамда жұмыс жасайды.

2. «Мүдделер қақтығысын реттеу»

Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

5. «Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру»

➤ Облыстық роботехника жарыстарында адалдық пен ашықтық қағидаттарын сақтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу мақсатында іс-шараларға қазылар алқасы сайланады, ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету үшін іс-шара барысы тікелей бейнебақылау арқылы қадағаланып, YouTube платформасында онлайн трансляция ұйымдастырылады. (YouTube сілтемелері). Өтетін әрбір ісшараға орталық әкімшілігі тарапынан жұмыс жоспары бекітіледі, сондай-ақ сол жоспардың жүзеге асуын қадағалауда ұстайды.

Облыстық роботехника конкурстарын ұйымдастыру барысында сыбайлас жемқорлықтың және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында, сондай-ақ конкурс ережелерінің талаптарына сәйкес, конкурс өтетін залдарда қатысушыларды бақылау және қадағалау үшін жауапты мамандардың кезекшілігі (бақылауы) ұйымдастырылады. Құқық бұзушылық фактісі тіркелген немесе ұялы байланыс құралын және тыйым салынған құралдарды пайдаланған қатысушы ереже талабы бойынша конкурстар мен чемпионаттардан шеттіледі.

Роботехника бойынша конкурстар мен чемпионаттарда жеңімпаздарын марапаттау рәсімі адалдық пен ашықтық қағидаттарын қамтамасыз ету үшін іс-шара аяқталғаннан кейін бірден өткізіледі. Аталған рәсімге іс-шара қатысушылар мен олардың жетекшілері шақырылады. (*фото-видео*)

Марапаттау барысында әділ қазылар алқасы әр бағытты немесе номинация бойынша белгіленген ережелер мен критерийлерге сәйкес жан-жақты талдау жасап, нақты түсіндірме береді. Әр жоба бойынша қабылданған шешімдер тиісті

құжаттарға (хаттамаға) негізделіп, бағалау нәтижелері ашық түрде жарияланады.
(хаттама, марапаттау бұйрығы, жеңімпаздар тізімі)

8. «Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану»

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бойынша орталықта өтетін олимпиада, чемпионаттар және конкурстардың т.с.с. байқаулардың ашықтығы мен адалдығын қамтамасыз ету мақсатында YouTube желісі арқылы тікелей трансляция жүргізеді. Оның сілтемесі жетекшілер мен оқушыны дайындаған пән мұғалімдеріне таратылады. Қандай да бір келеңсіздіктер туындаған жағдайда сол жазбаны қайта көру арқылы шешім қабылданады. Бұл ісшараның әділ де айқын болуына тікелей әсер етеді.

Бөлімнің жылдық іс-шаралар жоспарына сәкес, облыстық, республикалық, халықаралық жарыстар мен конкурстардың жеңімпаздарының тізімінің (электрондық мәліметтер базасы) жинақталады;

Орталықтың жылдық іс-шаралар жоспарына сәйкес, облыстық барлық өткізетін конкурстар мен олимпиадаларына сондай-ақ «Дарын» РҒПО-ның ұйымдастырған олимпиадаларына платформа арқылы қатысу үшін оқушыларға компьютерлермен (ноутбук) қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар ісшаралардың (анонстарды) ақпараттарды және конкурс қорытындылары туралы мәліметтерді *Facebook және Instagram* әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында тұрақты түрде жарияланып отырады.

9. «Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша әрбір ісшараға техникалық база жетіспеушілігі анықталуда.

5.«Qabilet» қызметі балалардың қабілетін диагностикалау және дамыту бөлімінің бойынша талдамалық анықтама

Бөлім өз қызметінде нормативтік құжаттар, әдістемелік материалдар, мекеменің жарғысы, еңбек тәртібінің ережесі, мекеме директорының бұйрығы және лауазымдық міндеттерін басшылыққа алады.

«Qabilet» қызметінің жұмысы кезең-кезеңімен іске асырылып, балалардың қабілеттеріне диагностика жүргізілуде. Бірінші кезеңде (2021 жылы) 10-11 жастағы оқушылардың «4К» бойынша креативтілік, сыни ойлау, коллаборация, коммуникативтілік, екінші кезеңде (2022 жылы) 7-9 жастағы кіші мектеп оқушыларының эмоционалды интеллектісін, когнитивтік, коммуникативтік қабілеттерін, үшінші кезеңде (2023 жылы) 12-14 жас оқушыларының бойындағы кәсіби-тұлғалық бағдарын, интеллектуалды қабілеттерін және өзіндік санасын диагностикалау бойынша қызметі жүзеге асырылуда.

Облыс деңгейінде дарынды және талантты балалар туралы ақпаратты жинап, ұлттық мәліметтер базасына енгізіп, қабілеттерін одан әрі дамыту траекториясы бойынша ұсынымдар әзірленеді. Балалар мен жастардың қабілетін анықтау үшін жағдай жасау, балалардың қабілеттерін сүйемелдеу және дамыту бойынша ұсынымдары мен кәсіптік бағдарлау мәселелері бойынша ата-аналарға, педагог-психологтарға және мүдделі тұлғаларға кеңес беру және коррекциялық жұмыстар жүргізіледі.

1. Бөлім өз жұмысының стратегиялық мақсаттарына жету үшін қажетті ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асырып, дарынды балаларды анықтайды, балалардың қабілеттерін сүйемелдеу және дамыту бойынша ұсынымдары мен кәсіптік бағдарлау мәселелері бойынша ата-аналарға, педагогтерге және мүдделі тұлғаларға кеңес беру болып табылады.

Штат бойынша бөлімде – 1 бөлім басшысы, 1 әдіскер, 1 оператор, 2 психолог жұмысын атқарады және (2 психолог декреттік демалыста).

2. Мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3. –

4. –

5. «Qabilet» қызметі арнайы платформада жүргізіледі, оқушылар онлайн кез келген жерден смартфон немесе компьютер арқылы тестілеуден өте алады. Тестілеуден 70 тен жоғары балл жинаған оқушы ІІ кезеңге өтіп, орталыққа смс арқылы шақырылады. Платформа арқылы диагностикадан өткен балаға тестілеуден бір рет мүмкіндік беріледі.

Орталықта оқушымен психологтар коррекциялық және дарындылығын дамыту бойынша сабақтар жүргізеді. «Qabilet» платформасы бойынша оқушылар кез-келген уақытта тіркеліп, тестілеуден өте алады.

6. –

7. –

8. Бөлім өз жұмысын орталықтың сайтында, әлеуметтік желілерде жүйелі түрде жариялап тұрады.

9. **Ұсыныс:** 4«К» бойынша барлық мектептерде тестілеуден өтуі міндеттелуі. Мектеп психологының міндеттерін қайта қарастыра отырып, диагностика жұмыстарын жүргізуге қосымша сағаттар қарастыру.

6.Есеп бөлімі:

Орталықта бюджеттік қаржы қаражатын бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және қаржылық бұзушылықтарға жол бермеу- бюджеттік өтінімді орындау

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының "Жамбыл дарыны" аймақтық ғылыми-практикалық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылға арналған бюджет жоспары Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға, қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жоспарланған соммасы – 205 826,9 мың теңге:

-еңбек ақы – 89 200,0 мың теңге;

-қосымша ақшалай төлемдер – 1 414,9 мың теңге;

-өтемақы төлемдері – 5 046,9 мың теңге;

-жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары – 1 915,0 мың теңге;

-әлеуметтік салық – 5 244,3 мың теңге;

-мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар -3986,0 мың

теңге;

- Міндетті сақтандыру жарналары – 2 814,7 мың теңге;



Сканировано с CamScanner

- Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу – 420,3 мың теңге;
- Өзге де қорларды сатып алу – 1 794,0 мың теңге;
- Байланыс қызметтеріне ақы төлеу – 495,9 мың теңге;
- Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу – 49121,0 мың теңге;
- Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар – 5 399,0 мың теңге;
- Өзге де ағымдағы шығындар – 36 019,0 мың теңге;

Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

- Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу – 2879,0 мың теңге;

Мемлекеттік сатып алу бойынша ақпарат

2025 жылға бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес

Есепші Маханова З.А. жіберген қателігі бойынша:

2024 жылдың 16-шы қазан айында жүргізуші болып жұмысқа қабылданған. Абилдаев Исламбектің айлық жалақысы 4 разрядпен 102396 теңге, жүргізуші 1 – ші санатына 35% БДО –дан 6194 теңге есептеудің орнына ДО –тан 35% -30716 теңге есептелініп айлық жалақысы-127251 теңге қателесіп есептелінген , 2025 жылдың қаңтар айынан айлық жалақысы-119100 теңге. 1 –ші санатына 35% БДО –дан 6194 теңге есептеудің орнына ДО –тан 35% -35925 теңге есептелініп айлық жалақысы-148831 теңге қателесіп есептелінген. Артық есептелінген сомалар 2024 жылдың қазан айында -22292 теңге, қараша айында -24855 теңге, желтоқсан айында -24855 теңге, 2025 жылдың қаңтар айында-29731 теңге, ақпан айында -29731 теңге, наурыз айында-29731 теңге, барлық сомасы -161499 теңге, Абилдаев Исламбектің келісімімен өтініші бойынша 2025жылдың шілде айы мен желтоқсан айлары аралығындағы айлық жалақысынан бөліп ұсталынып қалпына келтіргенін мәлімдейді.

2025 есеп бөлімі 1С бағдарламасы 2025 жылдың сәуір айында КБП жаңа бағдарламаға өтті, 1-ші маусымда ақылы еңбек демалысқа шыққан төмендегі қызметкерлерден салықтарды дұрыс есептелмегені анықталды:

1. Алимкулова Ж-дан 10% зейнет ақы қорына-18572 теңге, табыс салығы-24276теңге, МӘМС жарнасы-3715 теңге,1% кәсіподоқ жарнасы-1145теңге кем ұсталынған, барлығы - 47708 теңгені құрайды, Алимкулова Ж-ның келісімімен өтініші бойынша 2025 жылдың қараша, желтоқсан айларында айлық жалақысынан бөліп ұстап қалпына келтірілді.

2. Тажибекова А-нан 10% зейнет ақы қорына-20864 теңге, жеке табыс салығы-27323 теңге, МӘМС жарнасы-4192 теңге,1% кәсіп одоқ жарнасы -2413 теңге кем ұсталынған, барлығы - 54792 теңгені құрайды, Тажибекова А-ның келісімімен

өтініші бойынша 2025 жылдың қараша, желтоқсан айларында айлық жалақысынан бөліп ұстап қалпына келтірілді.

3. Нұрбаева Қ-тан 10% зейнет ақы қорына-15104 теңге, жеке табыс салығы-21516теңге, МӘМС жарнасы-3021 теңге, 1% кәсіподақ жарнасы-1783 теңге кем ұсталынған барлығы - 41424 теңгені және 2025 жылдың қыркүйек айында 10% зейнет ақы қорына-9850 теңге, жеке табыс салығы- 8630теңге, МӘМС жарнасы-1970теңге, 1% кәсіп одоқ жарнасы- 1025теңге кем ұсталынған барлығы - 21475теңгені құрайды Жалпы сомасы 62899 теңге Нұрбаева Қ-тың келісімімен өтініші бойынша 2025 жылдың қараша, желтоқсан айларында айлық жалақысынан бөліп ұстап қалпына келтірілді.

Қазіргі таңда бәрін мұқият қадағалап бұндай қателіктер болмауына жол бермей жұмыс жасап отрмын.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде мекеме қызметінде жүйелі сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ. Алайда, материалдық-техникалық база және қаржылық бақылау бағыттарында тәуекелдер бар екені байқалды.


Ұсынылған шараларды кезең-кезеңімен іске асыру мекеме қызметінің ашықтығын, тиімділігін арттырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша төмендетуге мүмкіндік береді.

Талдамалық анықтамамен келісті:


Есеналиева Майра Аманкуловна




Естемесова Акмарал Турсынбековна




Джұлдибаева Айниса Сакеновна




Тойшыбаева Гулмира Кенескызы




Сагиндикова Назира Жукеновна




Нурбаева Карлығаш Тюлюбаевна



Тажибекова Айман Мыктыбековна



Муратова Наргиза Айтбаевна



Айтбаев Ануар Кендебаевич



Самеков Мейрбек Нурланович



Рахметілдаева Назира Чапайқызы

